



**Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
оқу-әдістемелік кабинеті
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі,
«Абай атындағы шағын орталықты орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Г.Қ.Қырықбаева,
А.А.Татибекова
«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘН ОЛИМПИАДАСЫНА
КӨМЕКШІ»
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

2025 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы оқу - әдістемелік кабинетінің әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан шығаруға ұсынылады (хаттама № 0 , « __ » _____ 2025 жыл)

Әдістемелік кеңесші:

Облыстық әдістемелік кабинетінің әдіскері: **А.А.Нұрмолдаева**

Рецензент:

Х.Дулати атындағы Тараз университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының
доценті,
филология ғылымдарының кандидаты:
Мейірманова Г.С.

Рецензент:

Тараз қаласы, Жамбыл атындағы
мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер
Абаханова Н.Н.

Қырықбаева Г.Қ., Татибекова А.А. «Қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасына көмекші» әдістемелік құрал, Тараз – 2025

Әдістемелік құралда қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасына дайындық тапсырмалары енгізілген. Үлгі үшін бірнеше эссе жұмыстары да ұсынылды.

Әдістемелік құрал орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған. Кез келген оқушыны пән олимпиадасына дайындалуға мүмкіндік береді.

Түсінік хат

Қазіргі таңда көркем әдебиетті оқыту арқылы оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, дарынды шығармашыл тұлға қалыптастыру өзекті болып табылады. Ғылым мен техниканың, ақпараттық технологияның дамуымен көркем әдебиетті оқуға деген оқушылардың қызығушылығы төмендеп отырғаны анық. «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», [1] - деп Қ.Жұмалиев айтқандай, ұстаз көркем әдебиетті ұлттық құндылық ретінде дәріптеп қана қоймай, алдындағы шәкірттерінің бойында қасиетті мұраны қалыптастыруы қажет. «Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пән олимпиадасына көмекші» әдістемелік көмекші құрал дарынды оқушының дарындылығын дамытуға, білім алушылардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын оятуға, сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік дағдылар қалыптастыруға, көркем мәтінді талдай білу арқылы нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыландыруға, сөз құдіреті мен қасиетін ұғындыруға, көркем әдебиетті оқыту арқылы шығармашылық жұмыстар жазуға бейімдеуге, олардың бойында көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыруға, шығармашылық жұмыстар арқылы ұлттық сананы жаңғыртуға, іс әрекетті сыни бағалау арқылы өз дәлелдерін ұсына алу қабілетін арттыруға септігін тигізеді.

Әдістемелік көмекші құрал теориялық және практикалық бөлімнен тұрады. Теориялық бөлімде білім алушылардың пәндік білімін дамыту мақсатында арнайы тақырыптар қамтылған. Практикалық бөлімде білім алушыларды пән олимпиадасына дайындау мақсатында тапсырма үлгілері берілген.

Әдістемелік көмекші құралдың мақсаты: қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасына дарынды оқушыларды сапалы дайындауға мүмкіндік беру.

Әдістемелік көмекші құралдың міндеттері:

- 1.Көркем әдебиет оқуға деген ынтасы бар оқушыларды анықтау;
- 2.Дарынды оқушылардың қабілеті бойынша көркем әдебиеттерді оқуға ұсыну;
3. Көркем әдебиет оқыған білім алушыларды бақылап, тапсырмалар ұсыну;
4. Білім алушыларға қазақ тілінен теориялық материалдар мен грамматикалық талдау тапсырмаларын ұсыну;
5. Білім алушыларды жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне дайындау.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне деген сүйіспеншілігі жоғары, талапты оқушы «Ақылды адам ерінбейді, Қуатты адам сүрінбейді» деген халық мақалына сәйкес теориялық білім қоржынын толтырады. Теориялық білімін тереңдетуге арналған қазақ тілі бойынша А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі», Ш.К.Бектұровтың «Қазақ тілі» (лексика, фонетика, морфология, синтаксис),

С.Мырзабеков «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі», Т.Сайрамбаев «Сөз тіркесі мен жай сөйлемдер синтаксисі», Т.Қордабаев «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер» еңбектерін терең зерделейді. Қазақ әдебиетінен теориялық білімін толықтыруда З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Қ.Жұмалиевтің «Шығармалары» т.б. еңбектерді ой елегінен өткізеді.

Эссе тақырыптарына дайындық барысында білім алушы көркем әдебиетті мұқият оқып, шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын талдай білуі шарт. Көркем әдебиетті оқуға мұғалім әдебиет сабағында береді. «Әдебиет сабағы - ой сабағы, ойлау сабағы, ойлану сабағы. Ойлау - шәкірт тарапынан болатын әрекет, яғни олардың қабылдау, түйсіну, көркем туындымен қауышуы; ал ойланту - ұстаз тарапынан болатын іс-әрекет» , [2,5]- деп белгілі ұстаз Қанипа Бітібаева орынды айтқан.

Білім алушыны көркем шығарма оқытуға, Абай шығармаларына ден қою арқылы пән олимпиадасына дайындайтын тікелей жауапты тұлға ұстаз болып табылады. «Абай поэзиясының сұлулығынан нәр алып, жан дүниемізді тазартып, сұлу жанды жас ұрпақ тәрбиелеу – адами да, ұстаздық та борыш» деп белгілі ғалым, ұстаз Қ.О.Бітібаева текке айтпаса керек. Әдістемелік көмекші құрал арқылы дарынды оқушыларды пән олимпиадасына дайындап, олардың дарындылық қабілетін дамытып, шығармашыл тұлға қалыптастырудың маңызы зор.

Практикалық бөлім:

Эссе тақырыптары:

1. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі Ұлпан образының қазақ қыздарына тән ұлттық мінез сипатын қазіргі қазақ қыздарының бойындағы мінез-құлық, қасиеттерімен салыстыра талдаңыз.
2. Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» шығармасындағы күйдің құдіреті мен күйшінің шеберлігін байланыстыра талдап жазыңыз.
3. Махамбет жырлары – асқақ рухтың үні. Ойыңызды нақты дәлелдермен талдап жазыңыз.
4. Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятындағы Шұғаның трагедиялық халіне кім кінәлі? Өз ойыңызды нақты дәлелдермен жазыңыз.
5. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасында айтылған адалдық сезімге қатысты өз пікіріңізді білдіріп, талдап жазыңыз.
6. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы ана мен бала, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа қатысты негізгі идеялардың сабақтастығын талдап жазыңыз.
7. Ұлы Абайдың «Бірінші қарасөзі» мен «Масфұт» дастанының арасындағы үндестікті тауып, талдап жазыңыз.
8. Абайдың 38- қарасөзіндегі «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыт болады» деген ойын талдап жаз.
9. Абайдың оныншы қарасөзіндегі: «... Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деген ойын таратып жазыңыз.
10. Абайдың отыз сегізінші қарасөзіндегі: «Адам балаасы үш нәрседен: надандықтан, еріншектіктен, залымдықтан қор болады, яғни нағыз кісі болудан қалады» деген ойын бүгінгі заман тұрғысынан талдап жаз.
10. М.Жұмабаевтың «Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес» деген ойын бүгінгі замандағы маңызы туралы таратып жазыңыз.
11. Әл-Фараби мен Абай шығармаларындағы рухани сабақтастықты талдап жаз.
12. Абайдың «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын» деген өлең жолдарын бүгінгі күнмен байланыстырып жаз.
13. «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесен, істің бәрі бос» деген өлең жолдарына көзқарасыңды дәлелдеп жаз.
14. «Абайдың «Ескендір» поэмасының тарихи маңызын бағалап жаз.
15. Абайдың отыз екінші қарасөзіндегі ақыл кеселдерінің зиянын дәлелдеп жазыңыз.
16. «...Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге» деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазыңыз.
17. Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінде көтерілген мәселенің маңыздылығын талдап жазыңыз.
18. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің негізгі идеясын талдап жазыңыз.

19. М. Әуезовтің «Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні» деген пікірінің келелі екенін бүгінгі күнмен байланыстырып жазыңыз.
20. Абайдың Он жетінші қарасөзіндегі «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» сөзінің мәнін дәлелдеп жазыңыз.
21. Айгүл Кемелбаеваның «Шашты» әңгімесінің идеясын ұлттық мүдде тұрғысынан талдап жазыңыз.
22. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің негізгі идеясын адамгершілік тұрғыдан талдап жазыңыз.
23. Оразақын Асқардың «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінде көтерілген мәселені бүгінгі күнмен үндестіре талдап жазыңыз.
24. М.Сәрсекенің «Қаныш Сәтбаев» романындағы ғалымның қазақ ғылымын қалыптастырудағы іс-әрекеттерін нақты дәлелдермен талдап жазыңыз.
25. Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» шығармасында көрініс тапқан ұлттық құндылықтарды мысалдар арқылы талдап жазыңыз.
26. Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген философиялық ойын қазіргі заманмен салыстыра отырып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
27. А.Құнанбаев отыз үшінші қара сөзінде: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды...» деп, мал табудың адал жолын өнерден іздеуді өсиет қылады. Абай өсиетінің қазіргі таңдағы маңыздылығын дәлелдеп жазыңыз.
28. Ақын Абай: «Атаның баласы болма, Адамның баласы бол!» дейді. Сіздің ойыңызша, ақын осы ойы арқылы нені меңзейді? Ойыңызды өрбітіп жазыңыз.
29. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы бас кейіпкер Демежанның кісілік келбетін нақты мысалдармен дәлелдеп жазыңыз.
30. Ұ. Есдәулетовтің «Біз түркілерміз» өлеңіндегі ұлтжандылықтың көрінісін талдап жазыңыз.
31. Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасындағы «Қазақ үшін қыз — ұлттық намыстың бір белгісі» деген ойды өз көзқарасыңызбен дәлелдеп жазыңыз.
32. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы орыс пен қытай арасындағы шекара бөлінісінің қазақ халқының тағдырына ықпалын талдап жазыңыз.
33. «Ұлттық құндылықтар – қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері» пікіріне байланысты өз ойыңызды дәлелдеп, аргументтік эссе жазыңыз.
34. «Ата-ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» деген даналық сөздің астарын өмірлік жағдаяттармен байланыстыра отырып, ойыңызды білдіріңіз.
35. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең, істің бәрі бос» деген жолдарындағы ұлттық мүдде тұрғысынан тұжырымдалған мәселеге өз көзқарасыңызды дәлелдер келтіре отырып жазыңыз.
36. «Біз түркілерміз» өлеңінде ұлтжандылық қалай сипатталады? Оқырманға әсерін талдап, өз ойыңызды шығармашылықпен жеткізіңіз.
37. Абайдың «Ескендір» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығын бағалап жазыңыз.

38. «Шақан шері» шығармасындағы көтерілген мәселенің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беріп, өз пікіріңізді білдіріп жазыңыз.

39.Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы қазақ қызының намысты да өжет жан екенін дәлелдеп жазыңыз.

40. «...Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге» деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазыңыз

Эссе үлгілері

«...Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге» деген Абайдың қанатты сөзіндегі негізгі ойды қазіргі замандағы кітап оқуға деген сұраныспен байланыстырып жазыңыз

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, дара ойшылы. Ш.Мұртаза: «Кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қиын», - дейді. Ш.Мұртаза атап айтқандай, саналы адамның үйінде Абайдың кітабы болуы тиіс. Абай мұрасы арқылы санасы жаңғырып, рухани дүниесі байи түседі деп ойлаймын. Абайдың барлық ілім-білімнің бастауы саналатын кітап туралы ойын қазіргі заманғы кітап оқуға деген адамдардың сұранысымен байланыстырып, ойымды өрбітейін.

Өзінің биік, таза, рухани қасиетімен кітап мәдениет пен руханиятты қорғауда теңдесі жоқ қару болып табылады. Менің ойымша, кітап - дегеніміз адамның рухани азығы, білім, ақыл-кеңес алатын құралы. Кітап – адамзат баласына ағарту, білім сыйлай береді. Кітапханадағы кітап беттерінде адамзат тіршілігінің сан қилы құпия сырлары сақталған. Кітап оқырманын қалай тартады? Асыл сөздерді көп оқып, біліміміз толығып, рухани сезімге байып, кітап оқуға деген қызығушылығымыз артады. Біздің рухани өмірімізге кітаптың алатын орны ерекше. Алға басқан сайын, өскен сайын кітап біздің айнымас досымыз болып, білім биігіне көтерілуімізге көмектеседі. Ұлы Абайдың: «Кітап - адамгершіліктің қайнар көзі, адамзаттың рухани байлығы, замана сыры, тарих шежіресі», - деген сөздері дәлел болады.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Ұлы Абайдың өзі «Бірінші қарасөзінде»: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ». Абай Құнанбайұлы өмірден көрген-білгендері жайлы, көңілге тоқығаны жайды өзгелерге керегі болса алсын деген ниетпен жазғанын айтады. Қазақ әдебиетінің классик ақын-жазушыларының том-том кітаптарында талай сыр жатыр. Ақын-жазушылар маңдай тері мен талай ұйқысыз түндерін шалқар шабыттың жетегінде өткізіп, рухани азық сыйлай білді. Кітап біздің алға қарай жылжуымызға, адамгершіліктің биік шыңына көтерілуге өлшеусіз үлес қосады. Қазіргі жастар кітап оқи ма деген сауалға ойланбастан біршама деп жауап беруге болады. Жастар кітап оқудан гөрі барлық ақпаратты ұялы телефон мен гаджеттерден алады. Жастардың кітап оқуға сұранысын арттыру үшін «Буккросинг» және «Библиобус» ұйымдастырылып жатыр. Осы шаралар барысында жастардың кітап оқуға деген құлшысының біршама артқандығын байқауға болады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, кітап арқылы рухани мұраларымыз мәңгілікке сақталады. Келешекте латын графикасына көшсе де, кириллица,

араб әліпбиімен жазылған мұраларымыз сақтала бермек. Тек келешек ұрпақ ерінбей кітапты талмай оқып, санасына сіңірсе болғаны деп пайымдаймын.

Абайдың оныншы қарасөзіндегі «...Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің?» деген ойын таратып жазыңыз.

Хакім Абай – қазақтың ұлы ақыны, дара ойшылы. Қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза : «Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; көз нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе; жан дүниесін, рухани әлемін рахымдандыра берсе – шіркін, онда арамдық, арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалақорлық, тағы не бар – барлық жағымсыз қылық арамыздан әрқашан аласталар еді», - дейді. Жоғарыда аталған жаман қасиеттерден арылудың жолын Абай көрсетеді. Ш.Мұртазаның осы сөзінен соң хакім Абайдың қарасөздерін оқып, санасында саралаған жанның тағылымды тәлім-тәрбие алатыны анық.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,

Сөйлеймін десең өзің біл, -

деп дана Абай айтқандай, ақынның «Оныншы қарасөзіндегі» бала тәрбиесіне қатысты ойымды саралап жеткізіп көрейін.

Бала – ата-ананың өмірінің жалғасы, алдында жарқыраған жұлдызы, көңілге медеу тұтар қуанышы. Абай «Оныншы сөзінде» құдайдан бала тілеудің мағынасын ашып түсіндіреді. «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?...Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың?». Менің ойымша, егер бала жақсы болса, ата-ананың мерейі тасып, баласының әрбір жақсы ісіне сүйсініп отырмақ. Ал егер ата-ананың үміт еткен баласы жаман болса, онда оның әрбір сөзі мен ісіне ата-анасы күйініп отырады. Абайдың «Оныншы сөзінде» айтылған мына ой бала тәрбиесіне тікелей қатысты деп ойлаймын: «Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің...Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп.Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің?». Менің пайымдауымша, бала тәрбиесіне ең бірінші ата-ана жауапты болады. Себебі кішкене балаға әке-шешесі көп уәде беріп, соны орындамай, көп алдап, оның алданғаныңа мәз болады. Осылайша балаға тәрбие беруші ата-анасы оның болашақта өтірікші, бос уәдешіл болуына дәнекер болады. Жастайынан бос уәде мен орындалмас арман-қиялдың жетегінде өскен жас ұрпақ, балауса баланың қанат қағып, өскен кезінде дәл ата-анасындай болмасына кім кепіл береді?!Сондықтан да қазіргі ата-ананың ұлы Абайдың қарасөздерінен тәлім алып, болашақ ұрпағына нәр беруде тек қолынан келетін, орындай алатын уәдесін беру керек деп пайымдаймын. «Қанағат қарын тойғызар. Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» демекші, баласын қанағатшылдыққа тәрбиеген дұрыс деп ойлаймын.Тағы айтатын бір мәселе, қазіргі күні кейбір ата-ананың баласына боқтық сөз үйретіп, соны айтқанына мәз болып, тіліне таң-тамаша қалып отырады. Ертеңгі күні баласының жаман сөзге үйір болуына себепкер болатынын да

ойламайды. Сөзімнің дәлелі ретінде Абайдың «Оныншы сөзіндегі»: «Боқта!» деп, біреуді боқтатып, кәпір – қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп , оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып...» , - деген сөздерін келтіргім келеді. Абайдың «Оныншы сөзі» бала тәрбиесіне жауапты ата-анаға үлкен ой салады деп ойлаймын.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» ретінде мен Абайдың «Оныншы қарасөзіндегі» бала тәрбиесіне қатысты көзқарасымды өз пайымдауымша жеткіздім. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов Абайдың мол мұрасы турасында: «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады», - деген екен. Абайдың бала тәлімі мен тәрбиесіне қатысты ойлары бүгінгі таңда маңызды деп ойлаймын.

«Жігіттер ойын – арзан, күлкі - қымбат» өлеңіне сүйене отырып, бүгінгі күннің жігіттеріне тән қасиеттерді талдап жазыңыз

Хакім Абай – қазақтың ұлы ақын, дара ойшылы. Қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза : «Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; көз нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе, жан дүниесін, рухани әлемін рахымдандыра берсе - шіркін, онда арамдық арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалақорлық, тағы не бар – барлық жағымсыз қылық арамыздан әрқашан аласталар еді», - дейді. Жоғарыда аталған жағымсыз қасиеттердің бәрін Абай «Жігіттер ойын – арзан, күлкі – қымбат» өлеңінде сипатап қана қоймай, жағымсыз мінезден арылу керектігін де баса айтады. қарасөздерінде көрсетеді. Ш.Мұртазаның осы сөзі мен хакім Абайдың өлеңдерін оқып, санасында саралаған жанның тағылымды тәлім-тәрбие алары анық. Бүгінгі күннің жігіттеріне тән қасиеттерді саралап талдап жазайын.

Абайдың «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат» өлеңінде жігіттерді жаман мінез-құлықтан арылуға, адамгершілікке, адал достыққа үндейді. Ақын өлеңінде сипатталған мінез-құлықтар қазіргі жігіттердің бойында кездеседі деп ойлаймын. Қазіргі таңда жігіттерге әкесі немесе үйдегі үлкені ақыл айтса, жүре тыңдап, өз ақылым өзіме жетеді дегендері жетерлік. Ойыма Абайдың мына жыр жолдары дәлел болады:

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,

Кейбіреу қояр құлақ ұққанынша.

Ал керісінше әкенің әрбір ақылын, ананың әрбір қамқорлығын жадына түйген жігіттер тәрбиеден тәлім ұғады. Абай осы кейбір сөз мәнісін ұққандар туралы:

Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,

Абайлар әрбір сөзді өз халінше.

деп ой қозғайды. Абай сүйгенін шын көңілмен сүйіп, көрсеқызар болмау керектігін:

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,

Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.

деген сөзбен жеткізеді. Қазіргі жігіттер әдемі сұлуды көрсе, сөз салып, ертеңіне өзге сұлуға көңілі ауып кетеді. Жігіттер Абайдың осы жолдарынан өнеге алса деп ойлаймын.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

деген ақын сөздерінен әр бозбалаға, жігітке ең керек қасиет талаптылық екенін пайымдауға болады. Бойында талабы бар жігіттің ісінде береке болады деп ойлаймын. «Талапты бала талпынған құстай, құмары қанбас биікке ұшпай» демекші, талапты жігіт бір белесті бағындырары анық. Абай талаптан соң жігітке «өнер, мінез, жақсы қылық» керек дейді. Абай айтқан

осы қасиеттер қазіргі жігіттерде осы үш қасиеттің үшеуі де қабыса бермейді деп ойлаймын. Бүгінгі жігіттерде сегіз қырлы өнері болса, жақсы мінезі мен жағымды қылығы жетіспей жатады. Ал кейбір жігіттер өзін мақтағанды ұнатып, сырт көзге пысық болғанымен, ісімен оны дәлелдей алмайды. «Сырт көз – сыншы» демекші, сырт көзге бәрі анық көрініп тұрады. Ойыма дәлел ретінде Абайдың :

Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп ,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық,
деген өлең жолдарын келтіремін.

Абай осы өлеңінде жігіттердің алауыз болмай, ауызбірлігі бекем болып, бір-бірінің жоғын жеткізіп, тату болғандығын қалайды. Ойымның дәлелін Абайдың достық, татулық жайлы шумағынан іздеймін:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншіліксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бүгінгі таңда жігіттердің кейбірі бірін-бірі көре алмай, алауыз болып, сырт көзге дос болып көрінгенімен, орайы келсе аяқтан шалуға тырысатындары кездесіп жатады. Мұндай мінез жігіттерге жат деп пайымдаймын.

Қазақты жамандама, қазақ бала,
Халық қой қазақ деген аз-ақ қана,
деп К.Ахметова айтқандай, жігіттердің бәрін жаман деп айта алмаймын. «Достыққа достық қарыз іс» деп Абай айтқандай, жігіттердің шын досқа адал достықпен жауап қайтарса, нұр үстіне нұр болар еді.

«Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» деп Ж.Баласағұн айтпақшы, ақын өлеңіне сүйене отырып, қазіргі таңдағы жігіттерге тән қасиеттерді дәлелдер арқылы пайымдап жаздым. А.Байтұрсынов Абайдың мол мұрасы турасында: «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады» деген екен. Адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, достыққа шақырған Абайдың рухани мұрасы мәңгілік мұра, қасиетті қазына болмақ.

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде бала тәрбиелеудегі әке орны қандай ? Ойыңызды талдап жазыңыз

«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сөз бар қазақта. Жалпы ұл бала өзінің әкесінен үлгі алады, оны өзіне пана тұтады. Әрбір әке өз баласына жамандық тілемей, оны қайтсем адам қыламын деп бар білген тәрбиесін үйретеді. Сол тәрбиенің арқасында бала темірдей тәртіпке үйренген қазақтың батыр да батыл ұлдарының бірі болады. Бала тәрбиелеудегі әке орны айқын берілген шығарманы мен «Ұшқан ұя» повесі деп айта аламын. Енді осы шығармадағы әкенің балаға тәлім-тәрбие берген сәтін сіздерге айтуды жөн көрдім.

Әке – әр отбасына пана болар тірегі, үйді тәртіпке салып отыратын адам. Әке өз баласын әрқашан барлық жағынан мығым болуға үйретеді. Соның бірі – оған қазақилық дәстүрді, әдет –ғұрыптарды үйретуі. Мысалы «Ұшқан ұя» повесінде Момыш өз ұлы Бауыржанға жеті атасын білсін деп оған кішкене кезінен бастап жеті атасын үйретеді. Мұнымен қатар «Сөз анасы – сәлем» демекші, тағы да бәріне сәлемдесіп жүр деп айтады. Мұны берік ұстаған Бауыржан бал балалық шағының өзінде барлық жұртқа өзінің әкеден жақсы тәлім тәрбие алғанын көрсетеді. Бауыржан тағы да әкесінің арқасында атқа отыруды үйренді. Кішкене кезінен ат жалында өскен баланың келешегінен үміт бар. Себебі, елге жау шаба қалса, қолына найза алып жауға шаппасына кім кепіл? Бауыржанның әкеден алған тағы бір тәрбиесі ол – оқу. Момыш өз ұлын жапандағы бір мектепке оқуға беріп, оған орыс тілін үйретуді сұранады. Оқу оқып жүріп ол барлық іске шебер болады. Мысалы, соғыста қанша орыстардың ішінде Бауыржан жалғыз өзі қазақша сөйлесе ұйым болмас еді және де айла-тәсілді әкесінен үйренгенінің арқасында Бауыржан соғыста жауды қапы қалдырып кетіп отырды. .

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бала өз әкесінен үлгі, тәлім-тәрбие алса, артта қалмайтыны мағлұм. Сол себепті осы жерде «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген мақалды айтқым келіп тұр. Біз әкемізден алған үлгіні балаларымызға үйретсек, ұрпағымыздың болашағы жарқын болары анық.

«Ұшқан ұя» повесіндегі көненің көзіндей салт-дәстүрлеріміз ұлттық болмысымызбен астасып жатқанын талдап жазыңыз

«Ұшқан ұя» – Бауыржан Момышұлының балалық шағы мен жасөспірім шағынан сыр шертетін, қазақ прозасында ойып тұрып орын алатын повесі. Бұл повесте көненің көзіндей салт-дәстүрлеріміз дәріптелген. Бұл повесте кейіпкер яғни, Бауыржан Момышұлы өзінің кішкене кезінен, жасөспірім кезіне дейінгі салт-дәстүрлері айқын көрініс тапқан. Мен енді сол бала Бауыржанның өз балалығында салт-дәстүрлерге қаншалықты жақын болғанын айтуды жөн көрдім.

«Ұшқан ұя» повесіндегі айқын көрінетін салт-дәстүрлердің бірі – үлкендерге сәлем беру, жеті атаны жатқа білу, ат жалына отыру, қызды ұзату секілді салт-дәстүрлер. Мысалы: үлкендерге сәлем беру арқылы Бауыржан өзінің тәрбие көрген бала екенін дәлелдей білді. Әрқашанда «Сөз анасы – сәлем» деген сөзді берік ұстанған Бауыржан қазақтың көненің көзіндей салт-дәстүрі сәлем беруді дәріптей білді. «Жеті атасын білмеген жетесіз» дегендей Бауыржан жеті атасын жатқа біліп, қазақи бала екенін көрсетіп берді. Бұрындары бір ауылдың балалары өзінің 40 атасын жатқа айтып, сонымен қатар өзге ауылдың да 30 атасын жатқа айтып бере алатын болған. Міне, бала Бауыржан солардың тұқымы десем қателеспеймін. Көкпар мен бәйге десе арқасы қозып тұратын қазақтың тұқымының бір бейнесі, ол – Бауыржан Момышұлы. Көкесі Момынқұлдың атқа еркін отырып, ат жалында ойнауы Бауыржанға да дарыған. «Ер қанаты – ат» деген қазақтар атап айтқандай, Бауыржан кішкентай кезінен ат жалына еркін отыра білген. «Қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету» деген қазақта жақсы сөз бар. Бауыржанның әпкесі Үбианның ұзатылуы да осы «Ұшқан ұя» повесінде жазылған. Үбианды салтанатты мерекемен ұзатып салу – салт-дәстүріміздің сақталғанының белгісі.

Мен ойымды қорыта келе, «Ұшқан ұя» повесі қазақтың салт-дәстүрін дәріптей жазылған шығарма деп білемін. Сол кездегі адамдардың салт-дәстүрді берік ұстауын біз де өнеге етсек, жолда қалмасымыз анық деп ойлаймын

Абай – ізгі қасиеттердің жоқтаушысы

Хакім Абай – қазақтың ұлы ақыны, дара ойшылы. Қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртаза : «Егер әркім Абай арқылы ақылына ақыл қосса; көз нұрына нұр қосылса; сезімін байыта түссе; жан дүниесін, рухани әлемін рахымдандыра берсе – шіркін, онда арамдық, арызқойлық, қызғаныш, тәкаппар-тақастық, өтірік-өсек, жалақорлық, тағы не бар – барлық жағымсыз қылық арамыздан әрқашан аласталар еді», - дейді. Жоғарыда аталған жаман қасиеттерден арылудың жолын Абай көрсетеді. Ш.Мұртазаның осы сөзінен хакім Абайдың өлеңдерін оқып, санасында саралаған жанның тағылымды тәлім-тәрбие алатыны анық.

Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл, -
деп дана Абай айтқандай, ақынның ізгі қасиетті жоқтаушы екенін саралап жеткізіп көрейін.

Абай өлеңдерінде куә болған зұлымдықтарды сынап қана қоймай, сонымен бірге , одан құтылудың жолын қарастырды; әділетке, өнер-білімге, адал еңбекке, адамгершілікке үндеді. Қазақ жастарына ақыл айтып, адамға жат мінез-құлықтардан сақтандырды, мәдениетті елдерден өнер алуға, дүниелік ғылымды, техниканы үйренуге, алдымен, ұлы орыс халқы мәдениетін игеруге шақырды. Ойымның дәлелі ретінде Абай Құнанбайұлының 1888 жылы жазылған «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Басыңда ми жоқ,
Өзінде ой жоқ,
Күлкішіл кердең наданның.
...Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде;

деген жыр жолдарынан ойсыз, мисыз, надандарды сынап, оларға жаны ашып, қаны қайнайтынын жеткізеді. Содан кейін мен Абайдың :

Жігерлен,сілкін,
Қайраттан , беркін...

деп жігер беріп, қайрат қылу керектігін айтса, құлақ аспай соңынан қайта бұрынғы қалпына түскендерді сынады деп пайымдаймын.

Сегіз тармақтың бірінде Абай ел арасында өсек тасып, сәл қуанышына мақтанғандарды айтып, оларда «ынсап, ұят, терең ой» жоқ екенін жазды деп ойлаймын. Ойымның дәлелі ретінде:

Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек,
Құмардан әбден шыққаны...

...Ынсап, ұят, терең ой
Ойлаған жан жоқ, жауып қой, -
деген жолдарды айтқым келеді.

Абай одан әрі кекшіл болмай, көпшіл болып бірігіп, кәсіп қылуды насихат етеді. «Кәсіп түбі – нәсіп» демекші, тек кәсіппен айналыссаң ғана

нәсіпті, берекелі боласың деген ой тастайды. Абай «Сегіз аяқ» өлеңінде ізгі қасиеттің бірі саналатын еңбексүйгіштікті жырлады деп ойлаймын.

Еңбек қылсаң ерінбей –

Тояды қарның тіленбей,

деген сөздері бүгінгі таңда мақалға айналып, еңбекқорлар айтатын, тәлімі мол, ұрпаққа ұран боларлық сөз деп пайымдаймын.

Абайдың елді ауызбіршілікке, бірлікке, татулыққа шақыратын ойы «Сегіз аяқ» өлеңінде көрініс тапты деп ойлаймын.

Біріңді, қазақ, бірің дос,

Көрмесең, істің бәрі бос...

деген жолдарынан жоғарыдағы ойыма дәлел болады. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» демекші, әрқашан да бір-біріне жанашыр болып, бірігіп іс қылу керек.

Абайдың абырой, ар-ұят жайлы пайымдауларын:

«Абұйыр қайда, ар қайда?» , - деген жолдардан аңғаруға болады.

Ақынның өнер-білімге бас қойып, ғылымды меңгеру керектігі жайлы ойларын өлеңнен аңғаруға болады.

Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп,

Екі жаққа үңілдім.

дегені ойыма нәр болмақ.

Сөзімнің қорытындысы ретінде, мен эссемде Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінен ғана ізгі қасиеттерді жоқтаушы екенін пайымдадым. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген Абай бар игі қасиетті осы үш қасиетке топтағанын білеміз. Абайдың басқа өлеңдері мен қарасөздерінің өзі бір төбе демекпін. А.Байтұрсынов Абайдың мол мұрасы турасында: «Не нәрсе жайынан жазса да, Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады» деген екен. Адамгершілікке, адалдыққа, ізгілікке, ғылым-білімді игеруге шақырған Абайдың рухани мұрасы мәңгілік мұра, қасиетті қазына болмақ.

Әдебиетіміздің негізіне бірінші болып қаланған – Абай сөзі

Қазақ даласы – ұлы ғұламалар мен ойшылдарға бай ел. Халықтың қалаулысы болып, ел қамын ойлаған тұлғалардың бәрі де қазақ даласында туылған. Ел үшін аянбай еңбек еткен ұлы тұлғаларымыздың тарихын ақтарып, олардың тастап кеткен тағылымдарын өз бойымызға сіңіре білмесек, қазақ деген атқа лайық болмағанымыз деп білемін. Осындай қасиеттердің бәрін өз бойына жинап, қазақ халқының біртуар перзенттерінің бірі аталып кеткен ұлы тұлғалардың бірі де бірегейін мен ұлы хакім Абай Құнанбайұлы деп білемін.

Абай Құнанбайұлы – Шыңғыстың биігі. Ұлты сүйген, ұлтын сүйген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев : «Абайды тани алмаған қазақ дүниені де танып жарытпайды» дегендей, қазақ әдебиетіне есімі бірінші болып қаланған Абай Құнанбайұлы жайлы ойымды қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім.

Асыл сөзді издесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жаттап оқы көңілге, - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров Абайды аса жоғары бағалады. Шыңғыстау бөктерінде Құнанбай қажы отбасында дүниеге келген Абайды танымайтын қазақ жоқ шығар, сірә. Мен үшін Абайдың ақындығы бір төбе болса, жазушылығы бір төбе. Әдебиетіміздің негізіне өлеңдері мен қарасөздері бірінші болып қаланған Абай Құнанбайұлының терең толғаныстан шыққан туындыларына тоқталып, оның мән-мағынасын ашуды өзіме мәртебе деп санаймын.

Абайдың ақындығына көз жүгіртер болсам, Алаш зиялысы Ахмет Байтұрсынұлының 1913 ж. «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласындағы: «Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», - деген пікірі аса құнды болып табылады.

Абай өлеңдерін оқып отырып, ақынның:

Сырты күміс, іші алтын сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы, - деген өлең жолдары арқылы сөз өнеріне аса мән беріп, жоғары бағалағанын байыптауға болады.

Заманақыр жастары,

Қосылмас ешбір бастары, - деген өлең жолдарынан ақынның болашақ ұрпақтың ешбір істе басы қосылмай, алауыз болатынын болжап кетті деп ойлаймын.

Жүректе қайрат болмаса,

Ұйықтаған ойды кім түртпек, - деген өлең жолдарынан адам жүрегінде қайраттың болуын, қайратты адамның ойы, ақылы қатар жүретінін айтқысы келгендей.

Абайдың даралығы да, даналығы да қарасөздеріне көз жүгіртіп, ой салып, оның мағынасын білгенде ғана білінеді. Абай қарасөздері қараңғы түндегі жолаушыны діттеген жеріне жеткізер шамшырағы секілді. Абай қарасөздерінде не дейді? Абай «Бірінші қарасөзінде»: «Жазған ойларымның

ішінен кімде-кім керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп кесіп айтады. Міне , қараңызшы, осы сөздің ішіндегі мән-мағынаның өзі Абайдың әдебиетімізде есімі бірінші болып қаланғанының бірден-бір дәлелі емес пе?! Абай «Жиырма бесінші қарасөзінде»: «Мал жұтайды. Өнер жұтамайды», - дейді. Бұдан түсінгенім: малдың бір жұттық екені, ал өнердің, сөз өнерінің өшпес, өлмес, мәңгілік екені.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келе, Абай адасқан қазақ қоғамын тура жолға бастайтын жолбасшы, жырымен, қарасөзімен «қайран елі, қазағының» жоғын жоқтап, мұңын жеткізуші екенін түсіндім. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Абай – дария, мен сол дариядан шөмішпен ғана қалқып алдым» , - деген екен. Абай – ақын, Абай – жазушы, Абай – әдебиетімізде есімі бірінші болып қаланған тұлға, Абай – қазақты жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті нар тұлға!

Қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасының
II тур тапсырмалары

№1

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

Рет саны	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	«Тек беті ғана басқа. Беті емес, жарқырай ұшқын атқан сәулесі өңменнен өтіп, ту құйрыққа, төрт аяқтың мүйізгек табаны мен шеңгелі тастай төрт бақайына дейін көктей шанышқан ғаламат көзі. Төрттағандай жылжыған жаналғыш пәлекеттің алдыңғы, оң аяғында жүзі суық, ұзын қара таяғы бар.» Үзінді кімнің шығармасынан келтірілген. Бұл туындының мазмұны туралы қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. 1. Өлеңде қолданылған троптың түрін анықтаңыз. А) Метафора В) Метонимия С) Синекдоха D) кейіптеу 2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі А) кезекті ұйқас В) қара өлең ұйқасы С) шалыс ұйқас D) шұбыртпалы ұйқас 3. Өлең жолдарында бірыңғай дауыссыз дыбыстан басталуы А) ассонанс В) аллитерация С) теңеу D) эпитет
3.	Қазақ тілі	Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз. Көк жапырақты жөргек қып, мынау жатаған ағаштар жан-тәнін салып әлдилеген кішкене түйнек жер қойнауынан нәр еміп, аспан төсінен нұр еміп өсе берді.
4.	Қазақ тілі	Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.
5.	Тіл мәдениеті	Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылды беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ

	<p>ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр.</p> <p>Әмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ - көзіне ылғи сол түседі.</p> <p>Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқаңқы шөл көзіңді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Деңкиген шағылдар да, тырбық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты.</p> <p>Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес пе еді. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. Әлдеқандай долы дүлей қара жерді тас-талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табаққа салып ап, елеп, кебегін желпіп ұшырып жатқандай, жер мен кек түгел шаңға айналып кеткен-ді. Қара құрым қалың қол бірін-бірі көре алмай, кеуделерінен төмпештей ұрғылап кері итеріп баққан қызыл желді бетке ұстап ілбіген де отырған. Күллі дүние түлен тигендей тулап шыға келген-ді. Аспан қайда, жер қайда — ешкім ажырата алмастай... Құлақ сарсытып ұлып тұрған жел... Күллі кеңістікті бір өзі иемденіп, асыр салып ойнақтап жүрген шаңтозаң... Енді дүние қайта орнына келместей... Сол бір шаңтозаңға айналған қалпы біржола күлі көкке ұшатындай.</p> <p>Әумесер жел бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғиығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды.</p> <p>I. Мәтіннің тақырыбын анықта.</p> <p>a) Әумесер жел</p> <p>b) Қызыл алма</p> <p>c) Тасбақаның дауылы</p> <p>II. Мәтін қай стильде жазылған?</p> <p>III. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.</p>
--	---

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

Рет саны	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	« Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Оның қандай болып шығарын алдын ала айту қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-эюдтарымды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта шарқ ұрып ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда». Үзінді кімнің шығармасынан келтірілген. Бұл туындының мазмұны туралы қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Балалық өлді, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе? Кәрілікке көндің бе? 1.Өлеңде қолданылған фигураның түрін анықтаңыз. А) Арнау В) Жарлай арнау С) Риторикалық сұрау D) шендестіру 2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі А)кезекті ұйқас В)қара өлең ұйқасы С)шалыс ұйқас D)шұбыртпалы ұйқас 3. Өлең жолдарында қайталаудың қай түрі кездеседі? А) анафора В)қайталау С) еспе қайталау D)эпифора
3.	Қазақ тілі	Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз. Басына киген, екі иықты бүркей жапқан мол пішімді тарғыл шұбар далбайдың омырауға түскен қос құлағы да пұшпақ екен, ұзындығы шынашақтай, имек, өткір, қоңыр қошқыл тырнақтар тізіле саудырап тұр.
4.	Қазақ тілі	Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.

5.	Тіл мәдениеті	<p>Қоныр түндік ауыр ысырылып, әрең ашылғанда жез құрсаулы қара шаңырақтан ұйыған сүттей қою жарықпен қоса ақтарыла төгілген салқын, таза ауа жиһазы шамалы, жасауы шағын, бірақ кең, әрі еңселі, төрт қанат киіз үй ішіне серпінді леп әкелген. Аязды, тымық таң. Бозғыл сары аспан шексіз биік, кіршіксіз таза көрінеді.</p> <p>– Шашадан қар жауыпты, – деді киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей кірген Ажар, – Жер-дүние аппақ.</p> <p>– Алақай! – деді кішкентай Сәмен көйлегі шелтиіп, тұлымы жалбырап атып тұрып. – Сонар! Қан сонар! Ауға шығамыз!.. Ухх... – деді сосын тітіркеніп. – Суық. – Төрді – төсек үстін қаптай жабылған киіз астына қайтадан сүңгіп кетті.</p> <p>– Қазір от жағамыз, құлыншақ, – деді Ажар. – Көкесі, сен тұра ғой енді, – деді сосын, шаңыраққа қарап, бұйығып жатқан күйеуіне.</p> <p>Ысырылып, құрсаулы, ұйыған, жауыпты, ішіне, ақтарыла, сүттей, аязды, кіршіксіз, көрінеді.</p> <p>I. Мәтіннің тақырыбын анықта.</p> <p>a) Қамыстағы үй b) Қуанышты үй c) Шақан шері</p> <p>II. Мәтін қай стильде жазылған?</p> <p>III. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.</p>
----	---------------	---

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

Рет саны	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	«Алтыншы - ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзылмасын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!». Үзінді кімнің шығармасынан келтірілген. Бұл туындының мазмұны туралы қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Ағын жесең, ақылың жаннан асар, Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар, Ақ пен сары екеуін алмаймын деп,... 1.Өлеңде қолданылған көркемдегіш құралдың түрі А) құбылту В) теңеу С) фигура D) эпитет 2. Өлеңде қолданылған тілдік құрал А) метонимия В) метафора С) синекдоха D) символ 3. Үзіндіде қандай ұйқас кездеседі? А) егіз ұйқас В)ерікті ұйқас С) қара өлең ұйқасы D)шалыс ұйқас
3.	Қазақ тілі	Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз. Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді.
4.	Қазақ тілі	Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.
5.	Тіл мәдениеті	Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемейді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып,

		<p>жатып алады.</p> <p>Екінші - ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, салдау-салғырттыққа, кербездікке салынады.</p> <p>Үшінші - «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.</p> <p>Төртінші - тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп, үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп, еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табыс құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен. Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатұғыны қалай?</p> <p>I. Мәтін қай жақта баяндалған</p> <p>a) I</p> <p>b) II</p> <p>c) III</p> <p>II. Мәтін қай стильде жазылған?</p> <p>III. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.</p>
--	--	---

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

Рет саны	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	« Бұл суретті мен әлі салып бітірген жоқпын. Оның қандай болып шығарын алдын ала айту қиын. Күнде таң сәріден тұрып, бұрын әр кезде жасаған түрлі вариант-этиюдтарымды қайтадан екі-үш рет қарап шығамын да, елең-алаңдағы тыныштықта шарқ ұрып ойланамын. Жоқ, мен әлі ойдағыны тапқан жоқпын, істің бәрі алда». Үзінді кімнің шығармасынан келтірілген. Бұл туындының мазмұны туралы қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Балалық өлді, білдің бе? Жігіттікке келдің бе? Жігіттік өтті, көрдің бе? Кәрілікке көндің бе? 1.Өлеңде қолданылған фигураның түрін анықтаңыз. А) Арнау В) Жарлай арнау С) Риторикалық сұрау D) шендестіру 2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі А)кезекті ұйқас В)қара өлең ұйқасы С)шалыс ұйқас D)шұбыртпалы ұйқас 3. Өлең жолдарында қайталаудың қай түрі кездеседі? А) анафора В)қайталау С) еспе қайталау D)эпифора
3.	Қазақ тілі	Сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз. Басына киген, екі иықты бүркей жапқан мол пішімді тарғыл шұбар далбайдың омырауға түскен қос құлағы да пұшпақ екен, ұзындығы шынашақтай, имек, өткір, қоңыр қошқыл тырнақтар тізіле саудырап тұр.
4.	Қазақ тілі	Мәтіндегі қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жаса.

5.	Тіл мәдениеті	<p>Қоныр түндік ауыр ысырылып, әрең ашылғанда жез құрсаулы қара шаңырақтан ұйыған сүттей қою жарықпен қоса ақтарыла төгілген салқын, таза ауа жиһазы шамалы, жасауы шағын, бірақ кең, әрі еңселі, төрт қанат киіз үй ішіне серпінді леп әкелген. Аязды, тымық таң. Бозғыл сары аспан шексіз биік, кіршіксіз таза көрінеді.</p> <p>– Шашадан қар жауыпты, – деді киіз есікті серпе ашып, сырттан құшағын толтыра қамыс сүйрей кірген Ажар, – Жер-дүние аппақ.</p> <p>– Алақай! – деді кішкентай Сәмен көйлегі шелтиіп, тұлымы жалбырап атып тұрып. – Сонар! Қан сонар! Ауға шығамыз!.. Ухх... – деді сосын тітіркеніп. – Суық. – Төрді – төсек үстін қаптай жабылған киіз астына қайтадан сүңгіп кетті.</p> <p>– Қазір от жағамыз, құлыншақ, – деді Ажар. – Көкесі, сен тұра ғой енді, – деді сосын, шаңыраққа қарап, бұйығып жатқан күйеуіне.</p> <p><u>Ысырылып, құрсаулы, ұйыған, жауыпты, ішіне, ақтарыла, сүттей, аязды, кіршіксіз, көрінеді.</u></p> <p>I. Мәтіннің тақырыбын анықта.</p> <p>a) Қамыстағы үй b) Қуанышты үй c) Шақан шері</p> <p>II. Мәтін қай стильде жазылған?</p> <p>III. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.</p>
----	---------------	--

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

1.Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,

Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық.

Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ

Мейір қанып, мәз болып қуанарлық...

Үзінді қай өлеңнен келтірілген?Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.

2. а)Шығарманың композициялық құрылымы.

Ә)Ғылыми-фантастикалық жанр дегеніміз не?

1	Қазақ әдебиеті	Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық, Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық. Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ Мейір қанып, мәз болып қуанарлық... Үзінді қай өлеңнен келтірілген?Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	а)Шығарманың композициялық құрылымы. Ә)Ғылыми-фантастикалық жанр дегеніміз не?
3	Қазақ тілі	1.Кітаби тіл деген ? Оған тән белгілерді санамалап айтыңыз. 2.Кірме сөздердің емлесі туралы айтыңыз. 3.Бейүндес сөздер дегеніміз не? Жасалу жолдарына және емлесіне тоқталыңыз. 4.Ауызша сөйлеудің түрлері. 5.Сөйлеу кезінде жіберілетін қателіктер.
4.	Қазақ тілі	Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты

		<p>араластырды. Бір күндерде мен мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден естідім. (Байтұрсынов.)</p> <p>Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім.</p> <p>Мисионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...</p> <p style="text-align: right;">(М.Дулатов)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Мәтінге атау беріңіз. 2.Мәтін түрін анықтаңыз. (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) 3.Мәтіннің стилін анықтаңыз. 4. «Жарға соққан толқындай», «наркескендей» сөздеріне лексикалық талдау жасаңыз. 5.Ерекшеленген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз. 6. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыз.
--	--	---

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

1	Қазақ әдебиеті	<p>Жолаушылар доғалары айқасқан арбалар шеруінің ара-арасынан зорға сытылып шығып, Ой махалла тұсындағы жаңадан салынып жатқан қытай қамалы – жамбылдың құрылысына таман жақындады. Осы арада жол екіге айырылатын-ды. Біреуі қамал қақпасы арқылы күре жолмен шығысқа қарай тура тартады да, екіншісі түстікке таман едәуір ойысып барып, қамал құрылысын айналып өтеді.</p> <p><i>Үзінді кімнің шығармасынан келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</i></p>
2	Қазақ әдебиеті	<p>Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған хақ. Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ, Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.</p> <p>1. Өлеңде троптың қай түрі қолданылған, ережесін айтыңыз: А) метафора В) метонимия С) синекдоха D) аллегория E) кейіптеу</p> <p>2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және жасалу жолын айтыңыз. А) ерікті ұйқас В) аралас ұйқас С) қара өлең ұйқасы D) шұбыртпалы ұйқас E) шалыс ұйқас</p>
3	Қазақ тілі	<p>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз.</p> <p><i>Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін!</i></p>
4	Қазақ тілі	<p>Мәтінде қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз. Ерін үндестігіне сәйкес сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.</p>
5	Тіл мәдениеті	<p>Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p>Қазақ қызына үш жастан бастап, бой жеткенше үкілі тақия кигізген. Тұрмысқа шықпаған қыздар киетін бас киім үлгісі, әшекейі, теңге-моншағы, ою-өрнегі, кесте зері, матасы һәм оның түсі тек қыздарға</p>

		<p>арнап жасалғанын білдіреді.</p> <p>Бас киімнің ерекше бір түрі, қыз жасауының ең қымбаты – сәукеле. Сәукелеге маржан, меруерт, алтын-күміс сынды алтын тастар, түрлі теңге, оқа тағылған. Таза жібек, кәмшат та қолданылған. Тарихта құны жүз жылқыға, жүз түйеге тең сәукелелер болған. Қымбат бас киімді келіндер той біткенше ғана киеді. Той өткен соң орнына бергекті желек кесе, оны шыт тарту дейді. Шыт тартумен – орамалмен басты бір орап, желке тұсынан байлап қояды. Орамалдың төрт бұрышы кестеленіп, ою-өрнек тігіледі, оның өрнекті тұсын маңдайына келтіріп, бүктеп тартады.</p> <p>Қасаба – үшкірлеу төбесіне бір шоқ қауырсын қадап, маңдай тұсын түгелдей асыл тас, алтын, күміс әшекейлермен безендіріп, оң жақ самай тұсына 5-6 қатардан іlmелі моншақ пен күміс қоңыраушалар байлап, ұзын салпыншақты етіп жасалған қыз тақиясының бір түрі. Этнографтардың айтуынша, «қасаба» сөзі «алтын зерлі» дегенді білдіреді. Құламасына шашақтар тағылады. Мұндағы шашақтың көп тағылуы «ұрпағы көбейсін» деген игі тілекті білдіреді. Қасабаны орамалдың үстінен де киген.</p> <p>1.Қазақ тілінде стильдің қандай түрлері бар? Берілген мәтін қай стильде жазылған.</p> <p>2.Ерекше бас киім түрі – сәукеле туралы ойыңызды 3-4 сөйлеммен жеткізіңіз.</p> <p>3.Мәтіннен кейінді ықпалы бар сөзге, ерін үндестігіне сәйкес сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.</p>
--	--	---

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті 10-сынып

1	Қазақ әдебиеті	<p>Найзаменен түртсе де, Жатырсың, қазақ, оянбай. Мұнша қалың ұйқыны Бердің бізге, ой, аллай-ай! Үзінді кімнің өлеңінен келтірілген? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.</p>
2	Қазақ әдебиеті	<p>Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.</p> <p>1. Өлеңде фигураның қай түрі қолданылған, ережесін айтыңыз: А) арнау В) жарлай арнау С) зарлай арнау D) риторикалық сұрақ Е) сұрай арнау</p> <p>2. Өлеңде қолданылған ұйқастың түрі және жасалу жолын айтыңыз. А) ерікті ұйқас В) аралас ұйқас С) қара өлең ұйқасы D) шұбыртпалы ұйқас Е) шалыс ұйқас</p>
3	Қазақ тілі	<p>Сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңыз. <i>Үш орыс қолдарыңа шырағдан алып қораны, үйді, тезекті, шұңқырды, жүкті, пішенді – бірін қоймай найзаларымен піскілеп тінтіп жүр.</i></p>
4	Қазақ тілі	<p>Мәтінде қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасаңыз. Ерін үндестігіне сәйкес сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.</p>
5	Тіл мәдениеті	<p>Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.</p> <p>Күнге елінің алтыны кейбір әмірлерінің қисайған ауыздарын қайта түзеткен-ді. Қара шыбындай қаптаған елді де жеңуге болатынына сол жорықта көздері жетіп қайтқан-ды. Ал машырықтың алтыны күнге елінің алтынынан көп болмаса, аз емес. Оны тиыннан тиын балалататын мұның елі жақсы біледі.</p> <p>Ендеше, дәл қазір жаңа жорыққа шығардай кім</p>

		<p>табыла қояды. Кім?</p> <p>Ол мынау тығырыққа кеп тіреліп қалды. Тұма бұлақ сылдыр-сылдыр ағып жатыр. Қашан келсең де, мынау тылсым кеңістің әлдебір жерінен жапырақ козғар леп тауып тұратын биік ағаштар басындағы судыр-судыр да сол қалпы. Бәрі де бұған: «Ойлан, ойлан», – дейтіндей.</p> <p>Бой сергітем деп келгенінде, қайдағы-жайдағының бәрін есіне түсіретін осы бір қалтарыс оңашаға, ондағы өсекшінің аузындай ылғи сыпсыңдап тұратын осы бір жапырақ сыбдыры мен су сылдырына ыза боп кеткендей, орнынан тұрып, жалғыз аяқ соқпаққа түсті. Сумаң соқпақ енді оны қайтадан сарайға бастады.</p> <p>1.Қазақ тілінде стильдің қандай түрлері бар? Берілген мәтін қай стильде жазылған.</p> <p>2.Кейіпкердің ішкі сезімі қалай суреттеледі? Ойыңызды 3-4 сөйлеммен жазыңыз.</p> <p>3.Мәтіннен кейінді ықпалы бар сөзге, ерін үндестігіне сәйкес сөзге фонетикалық талдау жасаңыз.</p>
--	--	--

Тапсырма үлгісі

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңіріні болдырады.
Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Бұл үзінді Абай Құнанбайұлының «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты философиялық өлеңінен келтірілген. Әдебиеттің тектері эпос, лирика, драма болып бөлінеді. (З.Қабдолов «Сөз өнері») Жанры – лирика, себебі ақынның көңіл-күйін, қуаныш сезімін күйттейтін поэзия. Лирика тақырыбы мен мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінеді. (Қ.Жұмалиев) Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты шығармасы мазмұнына қарай философиялық лирикаға жатады. Абайдың бұл өлеңі 1895 жылдары жазылған. Өлеңнің негізгі идеясы әр адамда алға жетелейтін мақсат болуы керек, мақсатсыз өмір сүру мүмкін емес дейді. Осы өлең туралы философ Досым Омаров: «Абай бабамыздың айтуына қарағанда өмірде мақсат болуы керек. Ол мақсат неғұрлым жоғары болса, соғұрлым адам өмірі маңызды болып, ал ең жоғарғы мақсатқа ұмтылса – өмірдің шыңына жетуге болады», - деп пікір білдіреді. Ал хакім Абайдың осы туындысы туралы ғалым Мекемтас Мырзахметов: «Мұнда жаратылғанның өзін жаратушы түп иесін танып білуге ақыл-ойы жете бермейді деген ой айтылған», - деп идеясын ашып көрсетеді.

Шумақ – аяқталған біртұтас ойды білдіреді. Өлең бір шумақты болып берілген.

Өлең шумағының да өз бөлшегі бар, ол – оның тармағы. Тармақ деп өлеңнің әр жолын айтамыз. Берілген шумақ төрт тармақтан тұрады.

Өзгені// ақыл ойға// қондырады, // 11
Біле алмай// бір тәңіріні //болдырады. // 13
Талып ұйықтап, // көзіңді// ашысымен, // 12
Талпынып// тағы да ойлап// зор қылады. // 12

Бунақ деп өлеңнің белгілі дауыс ырғағымен бөлінуін айтады. Өлеңнің әр тармағы 3 бунақты, 11-13-12-12 буынды.

Ұйқас –

Берілген өлең шумағы а-а-б-а қара өлең ұйқасына құрылған.

Қазақ әдебиеті

2. Төменгі өлең жолдарынан гипербола мен литотаны табыңыз және дәлелдеңіз.

Астында мінген тарланның
Тұрпатына қараса,
От орнындай тұяқтан
Оймақтайы қалыпты.
Етектейін еріннен
Екі елісі қалыпты.

«Ер Тарғын» жырындағы Ер Тарғынның Тарлан атын суреттеуде гипербола мен литота қатар қолданылып тұр.

Әсірелеу (гипербола) мен литота бір нәрсенің екі жағы тәрізді. Екеуі бөлек те, бірге де қолданыла береді. Әсірелеу де, литота да поэтик тілдің басқа түрлерімен, әсіресе, шенеу, метафорамен байланысты түрде жиі ұшырайды.

«Етектейін еріннен

Екі елісі қалыпты» - деген жолдың алдыңғысы әсірелей теңеу де, соңғысы литота. (Қ.Жұмалиев. Шығармалары. 172-бет)

От орнындай тұяқтан

Оймақтайы қалыпты, - деген тармақтардағы біріншісі әсірелей теңеу , яки гипербола болса, екіншісі литота болып табылады.

Гипербола –

Литота –

3.Қабдолов «Сөз өнері»

2.Өлең жолдарында көркемдеуші тәсілдің қай түрі бар, дәлелдеңіз. Ережесін айтыңыз.

Түніменен түйіндік,

Таң атқанда тарандық.

Таң ағарып атқан соң,

Төңірек жаққа қарандық.

Махамбет Өтемісұлының «Соғыс» өлеңінен берілген үзіндіде көркемдеуші тәсіл ретінде аллитерация қолданылған. Махамбет Өтемісұлы өлең жолдарын бірыңғай «т» дауыссыз дыбысынан бастау арқылы өршіл рух пен биік пафосты танытады.

Аллитерация (грек аллитерра – дыбыстас) – бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталау.

Мазмұны:

Түсінік хат.....	3-4
Практикалық бөлім. Эссе тақырыптары	5-7
Эссе үлгілері.....	8-19
Қазақ тілі мен әдебиеті пән олимпиадасының II тур тапсырмалары.....	20-33
Орындалған тапсырма үлгісі.....	34-35
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	36

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10 қоғамдық-гуманитарлық бағытына арналған оқулық.
- 2.Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 10 жаратылыстану-математика бағытына арналған оқулық.
- 3.3.Қабдолов «Сөз өнері». – Алматы. «Мектеп», 1982
- 4.«Қазақ әдебиеті» .Энциклопедиялық-анықтамалық. – Алматы , «Аруна», 2005.
- 5.Қ.Жұмалиев. Шығармалары. – Алматы , «Ана тілі», 2007.
- 6.Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау». – Алматы:1990.
- 7.Т. Ақшолақов, Шығарманың көркем айшықтарын таныту, А., «Жазушы», 1998.
8. Бітібаева Қ.О. МЕКТЕПТЕ АБАЙДЫ ТАНЫТУДЫҢ ЖАҢАШЫЛ ТЕХНОЛОГИЯСЫ. Алматы.2012 ж.
9. Қ. Бітібаева. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.